

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
2021 жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығына 2-қосымша

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іскеасyrатын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 2-қосымша

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал); 2) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 30 минут.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті алушыдан қағаз жеткізгіште құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші келетін ұйымға ұсыну үшін тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, оқыту тілі және мектебі (телефон, пошталық мекен-жай, электрондық пошта мекен-жайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген келу туралы есептен шығару талонын береді немесе дәлелді бас тартады. Көрсетілетін қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші басқа білім беру ұйымына келу туралы тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, оқу сыныбы, білім беру ұйымының мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурс) көрсетілген есептен шығару талонын ұсынады. Оқуға келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы

		<p>(құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы кететін орта білім беру ұйымынан құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алу үшін ұсынылады.</p> <p>Келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келу туралы сырттай куәліктің түпнұсқасын ұсынғаннан кейін беріледі) білім алушы құжаттарды (білім алушының жеке ісі) алуға кететін орта білім беру ұйымына беріледі.</p> <p>Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/ұйымынан қабылдау/ шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстыру жүргізеді.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде өрсетілген қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс уақыты	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілген қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру Кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>2) www.egov.kz порталында орналастырылған</p>
8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>- портал арқылы:</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз түрінде)</p> <p>1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің 2-қосымшасының нысанына сәйкес өтініші (келу мектебі мен кету мектебіне);</p> <p>2) құжаттарды қабылдау туралы есептен шығару талонында баланың толық аты-жөні, сыныбы, оқыту тілі, мектебі, білім</p>

		беру ұйымының телефондары мен электронды мекен-жайы (ресми интернет-ресурсы) (Қазақстан Республикасынан кетуін растайтын құжат ұсынатын, Қазақстан Республикасынан кетіп жатқан білім алушыларды қоспағанда) көрсетіледі.
9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	сынып-жинақталымының шамадан тыс толуы Өтініш беру мерзімі осы ережелерде белгіленген мерзімгесәйкес келмейді
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ережеліктері ескеріле отырып қойылатын нөзге де талаптар	1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ұзақтығы 15 (он бес) минут. 2) қызмет көрсетудің ұзақ мерзімі 30 минуттан аспайды. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетуге тібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжеткізуде режимінде порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ «1414», 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

«Бастауыш, негізгі орта, жалпы
орта білім беру бағдарламалары
бойынша ведомстволық
бағыныстылығына қарамастан
білім беру ұйымына
құжаттарды қабылдау»
мемлекеттік қызмет көрсету
стандартына
2-қосымша

Нысан

_____ бiлiм беру ұйымының атауы
_____ директордың ТАӘ (болған жағдайда)
кімнен _____
ата-ананың (заңды өкілдің) ТАӘ (болған жағдайда)
Телефоны: _____

Өтініш

Менің _____
(білім беру ұйымының толық атауы)
_____ сыныпта білім алатын балам
_____ (Т. А. Ә. (болған жағдайда)

_____ (елді мекеннің, ауданның, қаланың және облыстың атауы)
_____ тіркелген мекенжайы бойынша

_____ (білім беру ұйымының толық атауы) ауыстыруды сұраймын.
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

_____ «___» _____ 20__ жыл
(қолы)